



ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІНЕ – 25 ЖЫЛ

Қазақстанда 1999 жылғы 19 ақпанда, яғни тура 25 жыл бұрын Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жеке қызмет құрылды.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ



Бөліністің мақсаты – әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу. Бөлініс полиция мен үкіметтік емес сектор, мемлекеттік органдар мен әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия арасындағы байланыс болып саналады. Бұл бөліністің инспекторлары полиция органдары қызметтерінің отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың, әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың алдын алу жөніндегі қызметін жалпы үйлестірумен айналысады. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын жеке қабылдауды жүзеге асырады және жәбірленушіні құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

ІІМ атап өткендей, өткен жылы Дағдарыс орталықтарына жеті мыңнан астам әйел жіберілді, оның ішінде алты мыңға жуығы балаларымен баспанаға орналастырылды. Бөліністің сенім телефондарына 56000-нан астам қоңырау түсті. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлармен әйелдерге 17000 кеңес берілді, олардың 11,7 мыңнан астамы кейіннен полицияға жүгінді. Талқылау барысында 9000 адам әкімшілік жауапкершілікке және 19 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Қабылданған ұйымдастырушылық және құқықтық шаралардың нәтижесінде соңғы алты жылда әйелдердің құқықтарына қол сұғатын қылмыс саны екі есе азайды. Сондай-ақ өткен жылы Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау қызметкерлері құқықтық тақырыпта 21 мыңнан астам баяндама жасады. Сонымен қатар аталған тақырып бойынша полиция қызметкерлері оқу орындарында және еңбек ұжымдарында 31 мыңнан астам дәріс, семинар және тренинг өткізді. Айта кетейік, бүгінде осы бағытта қызмет ететін бірқатар қызметкерлер медальдармен, грамоталармен және алғысхаттармен марапатталды.



Ерекше акция

» 3-бет




Ұрыға ырық бермес үшін...

» 4-бет



Еңбекпен қамту екпінді

» 6-бет



Криминалистің қателесуге құқы жоқ

» 8-бет



ЖЕТІ КҮН



✓ Баку қаласында Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ержан Саденов Әзірбайжанның Ішкі істер министрі, генерал-полковник Вилаят Сүлейманұлы Эйвазовпен кездесу өткізді.

Кездесу барысында екі министрліктің қылмысқа, оның ішінде ұйымдасқан қылмысқа, экстремизмге, киберқылмысқа, есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық мәселесі талқыланды.

Қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы бірлескен күш-жігерді жандандыруда уағдаластыққа қол жеткізілді. Өзара іс-қимылдың алдағы перспективалары айқындалды.

Сондай-ақ әзірбайжандық әріптестер қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде интеллектуалды жүйелерді қолдану тәжірибесімен бөлісті.

✓ «Қазақфильм» Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың ерлігі жайында «Капитан Байтасов» атты кино түсіреді. Бұл туралы таяуда өткен кинофестивалдың маусымашарында белгілі болды. Шара Шәкен Аймановтың 110 жылдығына орай биыл бірінші рет ұйымдастырылды. Сондай-ақ осы жылы «Шырмауық» және «Соңғы парыз» картиналары қолға алынады. «Здравствуй, добрый человек» деректі фильмі де таспаланады. Бұл туындылар Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсіріледі.

✓ Жетісу облысы ПД бастығы Сарқытбай Құсайынов Консультативтік-кеңесші орган құрамына кіретін қоғам белсенділерімен кездесті.

Департамент бастығы ККО мүшелеріне белсенді азаматтық ұстанымын көрсетіп, қоғам игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстары үшін алғыс білдірді. Кездесуде ККО мүшелері биылғы жылға арналған жоспарларымен, полицейлермен бірлесіп атқарылатын міндеттерімен бөлісті.

Департамент жанындағы Консультативтік-кеңесші орган қоғамның құқық қорғаушылармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етіп, полиция қызметінің ашықтығы, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидатын іске асыруға ықпал етеді.

✓ Сауран аудандық Полиция бөлімінің «102» тетігіне Шымкент-Түркістан бағытындағы көпірден кәмілетке толмаған жас қыздың секіруге әрекеттеніп жатқаны жөнінде хабарлама келіп түсті. Оқиға орнына учаскелік полиция инспекторлары Ерғазы Жүнісов, Марат Әуезов және Бахром Хашимов бірден жетті. Оқиға кешкі сағат 21:00 шамасында болған.

Тәртіп сақшылары келген кезде жасөспірім қыз көпірден секіруге ыңғайланып тұрған. Мұны көрген инспекторлар қызды райынан қайтару үшін онымен тез арада сөйлесу қажет екенін түсінді. Содан полиция инспекторлары бойжеткенді секірмеуге үгіттеп, қауіпті қадам жасамауға көндіре бастайды. Сол сәтте тәртіп сақшысының бірі қолайлы сәтті пайдаланып, бойжеткенді шапшаңдықпен ұстап қалып, қауіпсіз аумаққа алып шықты. Қырағылық пен жедел әрекеттің арқасында полицейлер осылайша 9-сынып оқушысын құтқарып қалады.

✓ ШҚО тәртіп сақшылары «Браконьер» ЖПШ барысында Renault Sandero автокөлігінің жүргізушісі Самар ауылына кіретін жолда тоқтатты. Тексеру барысында оның көлігінен полиция қызметкерлері жалпы салмағы 134 келі болатын жеті қап рипус балығын тапты. Сондай-ақ жүргізушіде арнайы рұқсат құжаттары болмағаны анықталды. Заңсыз балық аулаудан келген шығын көлемі 900 000 теңгені құрайды. Балық ресурстарын заңсыз аулау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы 29 ақпанға дейін жалғасады.

АЙЫППҰЛ ТҰРАҒЫНДАҒЫ КӨЛІК КӨБЕЙДІ

Қазіргі таңда елімізде «Қауіпсіз жол» іс-шарасы өтіп жатыр. Шараның мақсаты – жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттыру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу. 5 ақпаннан басталған жоспарлы жұмыстың екі апталық қорытындысы дүйсенбідегі брифингте айтылды.

Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ

Күн сайын республика көлемінде жеті мыңнан астам патрульдік полиция қызметкері жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде. Оның 1,5 мыңға жуығы қала сыртындағы автожолдарда тәртіпті қадағалайды. Қауіпсіздік белдіктерін, балаларды ұстайтын құрылғыларды пайдалану сияқты маңызды талаптарға баса мән берілуде. Сондай-ақ автокөлікті басқару кезінде ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салынады.

– Жедел алдын алу шарасы басталғалы 175 мың жол қозғалысы ережесін бұзушылық тіркелді. Оның бес мыңнан астамы – міндет-

анықталды. Айыппұл тұрағына шамамен 4,5 мың көлік қойылып, 1 673 МНТБ тәркіленді, – деді ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.

Айта кетерлігі, «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу шарасы аясында 15 ақпаннан бастап балалардың жол-көлік жарақатына бағытталған «Сіздің балаңыз – жолаушы!» акциясы өткізілуде. Республика бойынша бір айда 15 кәмілетке толмаған бала көз жұмды. Оның 12-сі жолаушы болған.

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан,




ті сақтандыру туралы заңнаманы бұзғандар, 1104-і – тиісті санатсыз көлікті басқарғандар, 150-ден жоғары – жолаушыларды заңсыз тасымалдағандар, 1328-і – мемлекеттік нөмірсіз немесе тиісті тіркеусіз жүргендер. Ал мас күйінде көлік тізгіндегендер 800-ге жуықтайды. Маневр жасау ережелерін бұзғандар 7787-ні құрады. Жаяу жүргіншілерге қозғалыс артықшылығын бермеген 2802 жағдай

сақшылар әдеттегіше қар құрсауында қалғандарға көмектесті.

Қазір жол қозғалысы ережелерін бұзуды тіркейтін 22 мың автоматты камера орнатылған. Олардың көмегімен барлық бұзушылықтардың 50%-ы тіркеледі. «Қорғау» бағдарламасы жалған нөмірлері бар, сақтандырусыз, іздеуде жүрген немесе жол қозғалысы ережелерін бұзатын және айыппұлдарды төлемейтін көлік-

терді автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Бұрын сол үшін барлық көліктерді тоқтатып, құжаттарды тексеру қажет болатын, ал қазір жүйе көше камераларының деректерін талдай отырып, жақын маңдағы полицейдің планшетіне қауіпті жүргізушінің жақын жерде



жүргені туралы хабарлама жібереді. Осылайша полиция жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзғандарға бірден ден қояды.

– Бағдарламаның көмегімен жалған нөмірлерді пайдаланудың 1,5 мыңға жуық фактісі анықталды. Жүргізуші куәлігінен айырылған алты мың жүргізуші анықталды, 8,5 мың мемлекеттік нөмір тәркіленді. Айыппұл тұрағына 29 мың автокөлік қойылды. Өңірлерге автоматты бекіту камераларының, соның ішінде «Қорғау» жүйесіне қосылған камералардың желісін кеңейту ұсынылады. Бұл көлік жүргізу мәдениетін арттырады, – деді спикер Ақтоты Боранова.

Жеке құрам күшейтілген режимде осы айдың соңына дейін жұмыс істейді. Сол себепті жолдағы нарядтардың тығыздығы артады.

КУРСАНТТАР КӨЛСАЙДЫ КҮЙГЕ БӨЛЕДІ



ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының 120 курсанты жуырда Жетісу жерін күмбірлеген күйге бөледі.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ
Алматы қаласы

Жазиралы өлкенің сұлу табиғаты Көлсай мен Шарын шатқалында әуеленген қазақ күйінің құдыреті әр тыңдаушының жүрегіне ел мен жерге деген сүйіспеншілік сезімге толтырды.

Алматы академиясында өткен жылы Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Айболат Маймақовтың басшылығымен домбыра үйірмесі құрылған болатын. Өзі де

қос ішектің сырын шебер меңгерген Айболат Тілеубайұлы былтыр оқуға қабылданған курсанттардың арасынан домбырашы өнерпаздарды іріктеп, өнерлі топқа күй әлемінің сырын үйретуде.

Бүгінде академияның Азиза Аманғосова, Ерсұлтан Ұзақов, Іңқар Ахметқали, Дана Өсер, Мейрамбек Ахмет және Ақбота Алжанбай сияқты курсанттары өнердегі өз шеберліктерін шыңдап келеді.

Курсанттардың табиғат аясында өнер көрсетудегі мақсаты – қазақтың қасиетті өнері арқылы полиция мен халықтың арасын жақындатып, ішкі істер органдарының бөделін көтеру. Күйші курсанттардың домбыра шанағынан төгілген күйлері көрермендердің көңілінен шығып, ерекше бір әсерге бөледі.

ҚАУҚАРСЫЗ ӘЙЕЛГЕ ҚОРҒАН БАР МА?..

Соңғы жылдары қоғамда әйелін таяқтап, балаларын сабайтын азаматтардың саны көбейген. Әсіресе, жауыздықты жиі көретін әйелдердің тағдыры өліммен аяқталып жатады. Зәбір көргендердің көбісі әлімжеттікті жария етіп, арыз түсіруден басын аулақ салады. Сөйтіп, ошақ қасындағы жағдайлар көбінесе «жабулы қазан» күйінде қалып жүр. Әйелдердің құқықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау мақсатында 1999 жылдың 19 ақпанында Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімі құрылған болатын. Бөлініс жұмысы мен осы тақырыпқа қатысты сауалдарымызға Астана қаласы Полиция департаменті Ішкі және сыртқы коммуникация бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Гүлмира Шрахметова жауап берген еді.



— Гүлмира Тілеуғалиқызы, осыдан 25 жыл бұрын Ішкі істер министрлігінің құрылымында Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлінісі құрылды. Әйелдердің құқығын қорғаудан бөлек бөлініс тағы қандай міндеттерді жүзеге асырады?

— Бұл бөлініс қызметі ашылғалы бері отбасылы қыз-келіншектерге, әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылықтардың алдын алу, дер кезінде көмек беру міндеті жүктелген. Шын мәнісінде ішкі істер органдарында осындай бөліністің жұмыс жасайтыны қуантады. Себебі, тәжірибе көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылық менталитетімізге байланысты көп жағдайда жабулы күйде қалған мәселенің бірі болды. Қазір әлеуметтік желі дамып, адамдардың құқықтық мәдениеті және сауаттылығы артып келе жатқан заманда қыз-келіншектер мен әйелдер қайда хабарласу қажет екенін жақсы біледі. Әрбір Полиция басқармаларында осындай бөліністің жұмыс жасап жатқаны жөнінде тұрғындарда мәлімет бар. Бұл жерде әлеуметтік, психологиялық, құқықтық және тағы басқа да мәселелер бойынша барлық жағынан көмек беріледі. Себебі, барлық Полиция басқармалары Әйел істері және отбасы демографиялық саясаты комиссиясының жұмысымен бірлесіп отырып қызмет атқарады. Мұнда мемлекеттік органдардың өкілдері болған оқиғаға «Бір терезе» тәсілімен көмектесе алады.

— 2021 жылдың 19 наурызында ІІМ-нің бұйрығымен аталған бөлімшенің штаттық саны күшейтілді. Қазіргі таңда әйелдердің қоғамдағы орнын жақсарту мақсатында қандай жұмыстар атқарылып келеді?

— Иә, 2021 жылдан бастап республика көлемінде 250-ден аса қызметкер осы салада белсенді қызмет етіп келеді. Алдағы уақытта да штаттық санды көбейту мәселесі көтерілуде. Біз әрбір учаскелік полиция пункттерінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесі бойынша айналысатын бір инспектор болса деген ұсыныс білдірген едік. Себебі, бұл қазіргі қоғамның қажеттілігіне айналып отыр. Одан бөлек, зорлық-зомбылық құрбанына айналған әйелдерге көмектесу үшін олардың квотасын көбейту, шешім қабылдайтын орындарда гендерлік тепе-теңдікті сақтау мәселелері бір ізге қойылып келеді. Бұл өте маңызды. Себебі, қазіргі кезде әйелдер барлық салада жұмыс істеуге қауқарлы. Кез келген қызметті үлкен жауапкершілікпен атқарады.

— Қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдерді Дағдарыс орталықтарында сауықтыру орталықтары тиімді? Астана қаласы бойынша әйелдерге қандай Дағдарыс орталықтары көмекке дайын?

— Дағдарыс орталықтарының болғаны дұрыс және олардың саны да көп болғаны жөн. Өйткені, отбасылық кикілжің кезінде жағдайды саралап не бағалау үшін сәл үзіліс қажет. Бұл — психологияда дәлелденген тұжырым. Тұрмыстық жанжалды лаулап тұрған от десең, одан алып шыға алатын бірден-бір орын — Дағдарыс орталықтары. Мысалы, Астана қаласы бойынша әйелдерге бес Дағдарыс орталығы қызмет атқарады. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Үміт» Дағдарыс орталығы, «Права» қоғамдық қоры және Аналар үйі бар. Бұл Дағдарыс орталықтары қаланың бес ауданында орналасқан. Бұл өте ыңғайлы. Жаңа айтып өткенімдей, отбасында ұрыс-керіс кезінде, әсіресе, әйел адам эмоцияға берілген шақта оқшаулап, өз балаларымен жанжал болған орыннан алыстайды. Дағдарыс орталығында зорлық көрген әйелдермен мамандар тыңғылықты түрде жұмыс істейді. Сол кезде адам өз-өзіне келіп, сабырға түседі. Мен де осы салада бірнеше жыл жұмыс істеген маман ретінде айтарым, мұндай Дағдарыс орталықтарында әйелден гөрі ер адамды орналастырған дұрыс. Себебі, біз бір адамның бойындағы ашу-ыза үшін бүтін бір отбасын оқшаулаймыз. Олардың тұрғылықты жері, күнделікті баратын мектебі немесе балабақшасынан алыстатып, қолайсыздық тудырамыз. Болашақта бұл мәселе заңдық тұрғыда қаралады деп үміттенемін.



— Соңғы жылдары мемлекет тарапынан осы мәселеге қатысты заңдық шаралар күшейтілді. Әйел адамға үнемі қол көтеретін агрессорлардың жазасы қандай болады? Қандай өзгерістер бар?

— Иә, былтыр 1 шілдеден бастап полиция арыздану сипатынан анықтау сипатына көшті. Бұл болған тұрмыстық оқиғаға дер кезінде заңдық шара қолдануына көмектеседі. Бұрын әйелдер «102» арнасына соғып шағымданғанымен, кейін татуластық деп арызын кері қайтарып алатын кездер көп болды. Қазір олай жасауға болмайды. Полиция қызметіне қоңырау түскен соң, учаскелік полиция инспекторлары арнайы бейнетірегішпен оқиға болған орынға барады. Дәл осы бейне сотқа дәлел ретінде жіберілетін

материалдар қатарына қосылады. Сонымен қатар, оқиға орнында бес хаттама толтырылады. Агрессорды біз оқшаулап алып кетеміз. Уақытша ұстау изоляторына орналастырамыз. Ертеңіне жиналған деректер сотқа өткізіледі. Одан бөлек, ҚР ҚК-нің 106, 107 және 110-бабына сәйкес қылмыстық істер қозғалады. Яғни, ер адам әйелдің денсаулығына орташа деңгейде зақым келтірген болса, сондай-ақ азаптау деректері анықталған кезде қолданылады.

— Отбасылық жанжалда психологиялық соққыны негізінен балалардың алатын жасырын емес. Тәрбиелеу міндетін орындамайтын ата-ананың кесірінен болашақта жекелеген агрессор тұлғалардың өсіп шығуы мүмкін бе? Тұрмыстық кикілжіңнің балаларға әсері қандай?

— Иә, әрине. Отбасылық кикілжіңнің ешбір балаға ұнамасы анық. Ата-ана бір-біріне күш көрсетіп немесе жиі ұрыс-керіс жасаса, бұл баланың өкпе-ренішін тудырады. Ата-ана баланың мүддесін ойлауы қажет. Баланың көңіл-күйі мен қолайлы ортасын қалыптастыру керек екенін ата-ана естен шығармағаны жөн.

— Егер отбасында әйел адамға тұрмыстық жанжал әсерінен күш көрсетілсе, ол қалай әрекет етуі қажет? Қандай кеңес бересіз?

— Егер мұндай жағдай орын алса, әйел ең бірінші кезекте «102» ар-

насына хабарласуы керек. Барлық болған оқиғаны жасырмай баяндап бергені жөн. Ал егер полицияға хабарласуға мүмкіндік болмаса, кез келген телефонда «Play Market» және «AppStore» мобильдік бағдарламалары арқылы «102» қосымшасын жүктеп алуына болады. Онда бейнебайланыс немесе жазбаша түрде шағымдана алады. Сонымен қатар қазір еліміз бойынша сенім телефондары жұмыс істейді. Солардың бірі — «111» қоңырау арнасы республика көлемінде үнемі байланыста. Одан бөлек Астана қаласы ПД Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлінісінің 71-60-63 сенім телефонына хабарласуына болады. 49-78-89 «Үміт» Дағдарыс орталығының сенім нөмірін де айта кеткеніміз жөн.

АЙМАҚ АЙШЫҒЫ



ЕРЕКШЕ АКЦИЯ

Түркістан облысы Ордабасы ауданында полицейлер жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол жүрісі қағидаларын сақтау бойынша ерекше акция өткізді.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

Тәртіп сақшылары жүргізушілерді жолда мұқият болуға шақырып қана қоймай, сонымен қатар, оларға түрлі жүрек жылытар сөздер жазылған арнайы қағаздар таратты. Полиция қызметкерлерінің мұндай түсіндіру жұмыстары жергілікті тұрғындарды таң қалдырды. «Сіз жақсы жүргізушісіз», «Сіздің күлкіңіз әдемі», «Сіз үлгілі адамсыз», «Сіз жол ережесін қатаң сақтайтын жүргізушісіз», «Сіз қамқор әкесіз» деген жазуы бар қағаздарды алған көлік жүргізушілері бастапқыда таңырқап қалғанымен, тәртіп сақшыларынан мұндай жылы сөз есту көңілді бір маркайтып тастағанын жасырмады.

— Бірлескен күш-жігермен ғана біз жол қозғалысының барлық қатысушылары үшін жолдарымызды қауіпсіз ете аламыз. Кішкентай кәсіпкерлік өзі қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Әрбір жүргізуші мен жаяу жүргінші жолдың әрдайым қауіп-

қатермен байланысты екенін түсініп, мұқият әрі жауапты болуы қажет, — деді Түркістан облысының полиция қызметкерлері.



Айта кету керек, жол апаттарының алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан «Қауіпсіз жол» акциясы ақпан айының 5-сі мен 29-ы аралығын қамтиды.

ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

Ғ.Мүсірепов атындағы ауданда салмағы тоннадан асатын теміржол доңғалақ жұбын тасымалдаған «КамаЗ» жол жиегінен шығып кетіп, тәртіп сақшыларының көмегіне жүгінді.

Игорь МЕРЦАЛОВ, СҚО ПД Баспасөз қызметі

Оқиға орнына Патрульдік полиция батальонының қызметкерлері келіп, жақын маңда жұмыс істеп жатқан ДЭУ-66 техникасының көмегіне жүгінді. Алайда «КамаЗ»-ға

жатады. Мұны есте сақтап, жолда аса сақтықты сақтауды сұраймыз.



тиелген ауыр жүк болғандықтан, көлікті жолға сүйреп шығарудың алғашқы әрекеті сәтсіз болды.

57 жастағы жүргізуші Рузаевқа ауылында түнеп қалды. Ал полицейлер жүктің сақталуын және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Күндізгі ауысымдағы Патрульдік полиция қызметкерлері жергілікті тұрғын, автокран иесі Сергей Гарпенюкке көліктегі жүкті түсіріп беруге көмектесуін өтінген. Көліктегі барлық жүкті түсірген соң ДЭУ-66 техникасы «КамаЗ» жүк көлігін жолдан шығарып алды.

— Қыстың күрделі климаттық жағдайына байланысты арнайы техника жолдарды тазалап үлгермей

Жолдың күрделі учаскелерінде жылдамдықты төмендетіңіз. Басып озу маневрлерінен бас тартыңыз. Жолдардың жабылуы туралы хабарламаларды және көлік құралдарының техникалық жай-күйін қадағалаңыз. Әсіресе, ауа райының нашарлауы қарсаңында қатты қажет емес аймақтарға, алыс жерлерге сапарларға шықпаңыз, — дейді Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаменті Патрульдік полиция батальоны командирі, полиция майоры Уәлихан Оразалин.

Көмекке дер кезінде келген тәртіп сақшылары мен арнайы техника иелеріне «КамаЗ» жүргізушісі алғысын білдірді.



ҰРЫҒА ЫРЫҒА БЕРМЕС ҮШІН..

Астанада ұрылардың ұрты майланатын кез – қыс мезгілі. Себебі ең қомақты шығын жыл сайын жылдың басында болады. Жақында 101 миллион теңгенің затын үптеп кеткен ұрылар ұсталса, былтыр да пәтер иесіне едәуір залал келтіргендер қылмысқа қаңтар айында барған. Осы ретте Астана қаласы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының білікті мамандарымен кездесіп, елордадағы қалта мен пәтер ұрлығына баратындар қала тұрғындарының қалтасына қаншалықты салмақ салатынын білдік.

Шеттен келген пәтер ұрыларының көбі бас қалада тек қалталылар өмір сүреді деп ойлайды. Сол себепті олар ұрлыққа түскенде «Кімнің үйі,

ші рет олжасын іздеуді қайта жалғастырған. Ол уақытта да дабыл белгісі қайта соғылып, олар үйдің ішіне жасырылған. Жылдам әрекет ететін



Самғат Демеуұлы

қанша ақша бар?» деген сұрақтарға бас қатырмайды. Олардың басты нысанасы – бағалы заттар. Сол үйден қолға ілінетін, олжаға кенелетіндей тауар табуды көздейді. Расында, желтоқсан-қаңтар айларында шетел асып, демалуды күп көретіндер – пәтер ұрыларының нағыз аңдитын олжасы. Кісі затына көз сататындар сол үйдің жарығын бақылап, жортуыл жасайды. Бірнеше күн қатарынан кешкісін жарық қосылмаса, демек, үйде ешкім жоқ деген сөз. Мысалы, 2022 жылдың 31 желтоқсанынан 1 қаңтарға қараған күні қаладағы зәулім үйлердің біріне ұрылар түскен. Дабыл белгісі қағылғанда, Жылдам әрекет ететін топ (ГБР) қызметкерлері келіп тексерген. Алайда олар алғашында үйден қашып шығып, жасырынады. Тексерушілердің кеткенін күтіп, екін-

топ мүшелері сыртта тоқтаусыз отшашу жүріп жатқандықтан, соның әсерінен дабыл белгісі қосылған шығар деп топшылайды. Алайда әккі ұрылар қанағатсыздығының кесірінен қолға түсті. Үй иесінің танысы ұрылардың үйдің терезесін сындырып кіргенін, басқа да әрекеттерін байқаған. Танысының айтқанынан кейін дереу «102» жедел арнасының қызметіне жүгінген. Алты күннің ішінде ұрыларды қолға түсірген полиция қызметкерлері тұрғындарды үнемі сақтықта болуға шақырады.

Осы ретте Астана қаласы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасы аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция майоры Самғат Демеуұлы кейде ұрлықтың орын алуына үй иелерінің өздері себепші болатынын ашық айтты. Себебі адамдар қазір

Гайһарай ЕСИМОВА,
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ

әлеуметтік желідегі «Статус» бөлімі арқылы кімге және қайда бара жатқаны жөнінде күнделікті ақпаратты кедергісіз таратады. Бұл – өз кезегінде арам пиғылды адамдардың өз ойын іске асыруына таптырмас мүмкіндік. Мысалы, жуырда бір жалғызбасты әйел Петропавл қаласына өзінің ата-анасының үйіне баратынын «Статусқа» салған. Оның үйіне келіп жүрген қызметші мұны көріп, екі жолдасына әлгі әйелдің үйіне ұрлыққа түсуді үгіттеген. Жалғызбасты әйел алтын сатумен айналысқан. Сол себепті оның үйінде алтын бұйымдары немесе қомақты ақша болады деп ойлаған. Кейіннен ұрыларды тәртіп сақшылары көпқабатты үйдің кіреберісіндегі бейнекамера арқылы қолға түсірген.

Осы уақытқа дейін түрлі істермен бетпе-бет келген аға жедел уәкіл көпқабатты үй иелеріне есікті бірнеше минутқа болса да ашық қалдырмауды өтінеді. Жуырда олар есігі ашық үйлерге кіріп, кіреберістен сөмке мен өзге де заттарды жымқырған грузин азаматын ұстаған.

– Қауіп қайдан келерін білмейсіз. Сондықтан үнемі сақ болу керек. Былтыр 604 пәтер ұрлығы тіркелді. Оның 458-і бойынша ұрылар үйге еркін жолмен кіру арқылы ұрлық жасаған. Ал қалған 146-сы – заңсыз кіру арқылы және аса ірі мөлшерде шығын келтіру арқылы қылмысқа барғандар. Демек, ұрылар тек сырттан келмейді. Сіздің таныстарыңыздың арасынан да кезігуі мүмкін. Қазір Астана тұрғындары қызмет көрсетуші персоналдарды (бала күтуші, үй жинаушы) жиі шақырады. Осылардың арасынан да бір емес, бірнеше үйге барып, бағалы затта-

рын жымқырғандар шықты, – дейді полиция майоры Самғат Демеуұлы.

Оның айтуынша, қазіргі уақыттағы пәтер ұрлығы бойынша қылмыстардың дені жаңадан салынып жатқан көпқабатты үйлердің айналасында кездеседі. Жаңа құрылыс басталған жерде өзбек ағайындардың жиі жүретіні жасырын емес. Біреулері істі аяғына дейін бітірсе, енді бірі келісілген жұмысты аяғына жеткізбейді. Тіпті кейбірі құрылыс заттарын қолды етіп, керек заттарды мөлшерінен артық сұратып, сатады. Сол себепті бағасы қымбат болса да, өзге елдің арзан жұмыс қолын емес, келісімшартпен жұмыс істейтін компанияларға сенім артқан жөн.

Пәтер ұрыларына бір үйге ұрлық жасау үшін жиырма минут уақыт жетіп-артылады. Тіпті одан да аз уақытта жымысқы әрекеттерін жүзеге асырады. Сондай-ақ олар көбіне құны қымбат брендтік сағаттарды және алтын бұйымдарды олжа етеді. Алайда біреудің ала жібін аттағанның барар жері белгілі. Полиция қызметкерлерінің үздіксіз жұмысы мен бейнебақылаудың арқасында олар алысқа ұзамай-ақ ұсталады.


ҚАЛТА ҰРЛЫҒЫ ДА ШЫҒЫНҒА БАТЫРАДЫ

Астана қаласы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасы Жедел-іздістіру бөлімінің кіші жедел уәкілдері Абылайхан Бейбіт пен Жасұлан Әлтай – қалта ұрлығы бойынша талай қылмысты ашқан жас мамандар. Олар қалта ұрлығының негізгі ошағы қоғамдық көлік екенін жасырмады. Автобустың ішінде сөмке, ақша, ұялы телефон жиі ұрланады. Сондықтан қоғамдық орында сауысқаннан да сақ болған жөн.

– Автобуста ұялы телефонды ұрлап, ол бойынша да жәбірленушілерге қаржылық тұрғыдан ауыр зардап әкелетіндер бар. Жуырда Семейден Астанаға үй алуға келген азаматтың ұялы телефонын бір әйел қолды еткен. Семейлік ер адам 24 миллион теңгеге үй сатып, оны депозитіне сақтаған. Әлгі телефонын ұрлаған

әйел банктің арнайы қосымшасына кіріп, 11 миллион теңгені шешіп алған. Сөйтіп оған қымбат алтын бұйымдар алып, Ақтөбе қаласына кетіп қалған. Кейіннен бұл қылмыс ашылды. Әйел ақшасын қайтарды. Өзі жүкті. Күйеуі – сыған. Жұмыс істемейді, – дейді Абылайхан Бейбіт.

Сонымен бірге қаладағы косметика сататын Diana дүкендерінен де тауарлар ұрланады. Ұрылар кең сөмкелермен барып, сөредегі қымбат парфюмдерді өзімен бірге алып ке-



Абылайхан Бейбіт

тетін көреді. Күзетші жоқ болғандықтан, олар ебін тауып, екі асайды.

Әр айдың басында зейнеткерлерге зейнетақы түседі. Мұны жақсы білетін ұрылар сол уақытта банкоматтардың алдын торуылдап, егде жастағы кісілердің сөмкесіне немесе зейнетақысына көз салады. Болмаса автобуста отырған кезінде ақша салынған сөмкесін алып қашады. Айта кететіні, ұрлық жасаған адам жан-жағына қарап, адамдардан алысырақ жерге қашады.

ТҮЙІН. Қазақта «Ұрыға мал құтаймас» дейді. Сондықтан оңай олжамен тапқан ақшаның да берекесі болмайды. Оның үстіне, ұрлық түбі – қорлық. Талай тағдыр иелері ұрлыққа барып, түрменің ішінен әрі аспады. Сондықтан аз да болса тапқан астың адалдығы бәрінен маңызды.

МЕНИҢ АТА-АНАМ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Отбасы – шағын мемлекет. Әрбір полиция қызметкері – өз отбасында қамқор әке, сүйікті ана. Елге қызмет ету міндетінен бөлек олар бүгінде балалары үшін қаһарманға айналған. Біз балалардан ата-аналарының ішкі істер саласындағы қызметі туралы не ойлайтынын сұрап білдік.

Нұрәли ОРАЗБЕК 7-сынып оқушысы, Павлодар қаласы:

– Менің атым – Нұрәли. Жасым – 12-де. Менің анам Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №45 мекеме бастығының кезекші көмекшісінің



орынбасары болып қызмет етеді. Ол сотталған адамдармен жұмыс жасайды.

– Анамның жұмысы – қауіпті әрі жауапты. Ол өз жұмысын жақсы көреді. Мен анама денсаулық пен сәттілік тілеймін. Ер жеткенде мен

**Дайындаған
Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ**

де анам сияқты полиция қызметкері болғым келеді. Елімді қорғауға үлес қосамын.

Индира ҚАРЖАУ, 11-сынып оқушысы, Ақтөбе облысы:

– Менің әкем – Дастан Бисебаев. Ол учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарады. Әкем үнемі адамдармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Кейде жұмыстан кеш



келетін кездері де болады. Бірақ соған қарамастан, ол бізге уақыт табады.

– Мен 11-сыныпта оқимын. Мектепті аяқтаған соң Қостанай қаласындағы ІІМ академиясына оқуға түсуді жоспарлаудамын. Мен де әкем сияқты полиция қызметкері болып, елге қызмет етуді қалаймын. Әкеміз күн-түн демей, қоғам қауіпсіздігі мен елдің тыныштығы үшін қызмет етуде. Біз әкемізді мақтан тұтамыз!

Сұлтан (13 жаста) және Әділхан (8 жаста), Петропавл қаласы:

– Біздің анамыз – Зарима Қыдырқызы. Ол – Ювеналды полиция бөлімінің аға инспекторы, полиция майоры. Мектепте біз секілді



балалармен жұмыс істейді. Олардың тәртіпті болуын қадағалайды. Біз анамызды қатты жақсы көреміз.

– Полицей болу өңай емес. Анамыз көбінесе жұмыста жүреді. Бірақ ол бос уақыты болса, бізге дәмді тамақ дайындап береді. Біз анамыздан үлгі аламыз.

Әзиза ӘЛИМЖАН (7 жаста), 1-сынып оқушысы, Ақтөбе қаласы:

– Менің екі інім бар. Әкем Данияр Сарсебаев – Ақтөбе облысы ПД Кадр бастығының орынбасары. Ол өте салмақты. Мені жиі еркелетеді. Оның жұмыстан келгенін асыға күтемін. Ол келген кезде фуражкасын киіп, сапта қалай тұру керек екенін үйренемін.

Мен қазір мектепке барып жүрмін. Достарыма әкемнің мықтылығын айтып мақтана-



мын. Менде өскенде полиция болғым келеді. Ол үшін сабақты жақсы оқу қажет.

ЕСІРТКІГЕ ЖАСТАР ЖИИ АЛДАНАДЫ

Қазіргі қоғам дертіне айналған, бүкіл әлемдегі өзекті проблеманың бірі – есірткі. Ішкі істер министрлігі жыл сайын елімізде есірткіге қарсы күрес акциялары мен жастарға үгіт-насихат жұмыстарын көптеп жүргізіп келеді. Осы уақытқа дейін көптеген есірткі лабораториялары жойылып, оны сақтаған, саудаламақ болғандардың талай мәрте жолы кесілді. Дегенмен көңіл көншітпейтін көрсеткіштер пен көріністердің қынжылтатыны рас.

Раушан НАРБЕК,
Түркістан облысы



Елімізде есірткіге шалдыққандардың ең төменгі жас мөлшері 11 жастағы жасөспірім болып отыр. Аузынан ана сүті әлі кетпеген жастардың мұндай зиянды дертке шалдыққаны өкінішті. Әрине, жастарды алдайтын да, арбайтын да есірткіні заңсыз сатушылар мен өсірушілер. Есірткіні заңсыз сатқандар мен үйінде өсіргендер құрықталса да, өзгелерге сабақ болмай келеді.

Былтырғы жылдың мамыр айында өткен Үкімет отырысында Есірткі және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жобасы жан-жақты заманауи әдістердің арқасында бұл препараттарға қол жеткізу, тіпті оңайлап кетті. Бұл дегеніңіз дистрибьюторлар мен сатып алушылар арасындағы ең аз байланысты қамтамасыз етеді. Мұндай шаралар құқық қорғау органдары қызметкерлеріне осы әрекеттерге жауапты күдіктілерді табуға қиындықтар туғызып жатыр.

Түркістан облысы Полиция департаментінде де бұл қылмыс түрімен жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар өте көп. Жыл сайын қаншама есірткі өсірушілер мен тасымалдаушыларды құрықтаса да, осы қылмысты қайталаушылардың саны азаймай тұр. Жыл басынан бері Түркістан облысында есірткі сақтау және тасымалдау бойынша алты дерек тіркелген. Ал өткен жылы есірткі заттарын өткізу және оны сақтау бойынша 572 дерек анықталды.

Тәртіп сақшылары Сауран ауданының 44 жастағы тұрғынын ірі көлемде есірткі сатты деген

қызметкерлері күдіктіні ұстап, одан шамамен 70 грамм марихуана тәркіледі. Оның үйін тінту кезінде құрамында есірткісі бар өсімдіктің тұқымы салынған екі сіріңке қорабы, оны қолдануға арналған құрал мен басқа да заттай дәлелдер тапты.

Бәйдібек ауданының полиция қызметкерлері есірткі затының заңсыз айналымына қатысты бар күдіктіні анықтады. Ауыл көшелерінің бірінен сақшылар өтіп бара жатқан күмәнді тұрғынды тоқтатты. Тексеру кезінде 29 жастағы ер адамның

Амангелді БУРХАНОВ, Түркістан облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының м.а.:



– Біз мектептер мен ЖОО-ға барып, жастарға есті алар есірткінің зияны жайында түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Өткен жылы Түркістан облысында 1,3 тоннадан астам есірткі заттары тәркіленді. Өңірде есірткінің заңсыз айналымына қатысты

531 дерек анықталған. Оның ішінде 282-і қылмыс болса, 249-ы – теріс қылықтар. Сонымен қатар заңсыз айналымнан 1 тонна 322 келі есірткі заттары тәркіленген. Өткен жылы есірткінің заңсыз айналымына қарсы қылмыстарды анықтау мен нашарлыққа қарсы профилактикалық іс-шараларды күшейту мақсатында бірқатар іс-шаралар атқарылды. Нәтижесінде он адам ұсталып, төрт қылмыстық іс және алты теріс қылық тіркелді. «Трамадол» дәрілік препараты психотроптық заттардың қатарына енгізілген уақыттан бастап, 34 қылмыс тіркелді. Жалпы, 1149 пластина, 1368 таблетка мен 20 капсула айғақты зат ретінде алынды.

Осы ретте Түркістан облысының тәртіп сақшылары есірткі қылмысына қарсы іс-қимылдар мен шараларды жүйелі түрде жүргізіп, есірткіге тосқауыл болу мақсатында өз жұмысын жалғастырып жатыр. Сонымен қатар есірткіге қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында ғаламтор кеңістігінде мониторинг жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде синтетикалық есірткі таратқан 150 ақпараттық сайт бұғатталды. Бұдан бөлек профилактикалық іс-шаралар барысында есірткіге тәуелді тұлғалардың саны 321-ден 301-ге төмендеді.

күдікпен анықтады. Жедел-іздірту іс-шаралары барысында Түркістан облысы ПД Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының

қалтасынан ішінде есірткіге ұқсас заты бар полиэтилен пакет тапты. Тәртіп сақшылары тәркіленген зат-

Әсем СМАИЛОВА, Түркістан облыстық Психикалық денсаулық орталығының психиатр-нарколог дәрігері:

– Кентау қалалық полиция қызметкерлерімен тығыз байланыстамыз. Наркологиялық кабинетте жалпы – 241 науқас есепте тіркелген, оның ішінде – 15 әйел, жасөспірімдер жоқ. Нашарлық арасында жасы 18 бен 30 жас аралығындағы төрт адам, ал 31-ден жоғары жастағы сегіз адам. Есептегі науқастардың ішінде нашарлықтан жеті адам стационарлық, ал еріксіз емдеу орнында екі адам емшара қабылдауда. Қатерлі топқа жататын науқастар арасында ЖҚТБ-ның алдын алу мақсатында тегін медициналық, психологиялық кеңес алады. Олардың қаны мұқият тексеріледі. Есірткіні қабылдайтындар қатарының тым жасарып келе жатқаны алаңдататыны рас. Есірткіден алатын алғашқы сезімге жастар жиі алданады. Кейін тәуелді болып қалғандарын түсінбей, жақындарының жанын жаралап жатады. Бұл дертпен қоғам болып күресуіміз қажет.



тай дәлелдемелерді сараптамаға жіберді. Қорытындыға сәйкес мұның алты граммнан астам марихуана екені анықталды.

Сондай-ақ жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызмет атқару барысында Түркістан қалалық Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері облыс орталығы көшелерінің бірін-

екені анықталды.

Ал Сауран аудандық Полиция бөлімінің қызметкерлері аудан орталығы көшелерінің бірінен күмән тудырған Nexia маркалы автокөлікті тоқтатты. Тексеру кезінде көліктен ақару барысында Түркістан қалалық Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері облыс орталығы көшелерінің бірін-

Нұрдаулет ӘШІРБАЕВ, Келес аудандық Пробацция қызметінің бастығы, әділет майоры:



– Түркістан облысы Келес аудандық Пробацция қызметінің бақылауына есірткі қылмысы бойынша бес адам тіркелген. Оларды ортаға бейімдеп, бұл дерттің қоғамға төндіретін қаупін түсіндіру мақсатында түрлі тренингтер ұйымдастырып тұрамыз. Пробацциялық бақылауға алынған адамдардың құқық бұзушылыққа бармауы қатаң қадағаланады.

де терезесін заңсыз қараңғылап алған «Mercedes-Benz» маркалы көлік жүргізушісін байқап, тоқтатты. Жүргізушінің құжаттарын тексеру кезінде полицейлер 38 жастағы ер азаматтың күрешесінен есірткіге ұқсас затты тапты. Алынған зат сараптамаға жіберіліп, қорытындысына сәйкес 30 граммнан астам марихуана

демелер сараптамаға жіберіліп, 20 граммнан астам марихуана екені расталды.

Тізбектей берсең, тізіліп шыға беретін фактілер өте көп. Ал ешкімді есіркемейтін есірткімен күрес қалай жүргізіліп жатыр? Бұл дерттен емделіп жатқандардың жай-күйі туралы мамандар пікірін білсек.

КӨП МӨЛШЕРДЕ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ

Ақтөбе облысында Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлінісінің қызметкерлері оңтүстік өңірден есірткі жеткізу арнасының жолын кесті.

Арман БЕРІК

– Ақтөбеде қала тұрғыны тізгіндеген Toyota Alphard автокөлігі тоқтатылды. Көлікті тінту кезінде жүксалғышта өсімдік тектес, жасыл түсті, ерекше иісі бар зат салынған және скотчпен оралған алты полимерлі қап табылып, тәркіленді. Сараптама қорытындысына сәйкес тәркіленген зат салмағы 57,5 келі марихуана екені анықталды, – деді ҚР ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов.

Ары қарай жүргізілген жедел-іздірту іс-шаралары нәтижесінде тағы бір күдікті ұсталды. Оның гаражынан өсімдік тектес заттар бар екі үлкен қара пакет табылып, тәркіленді. Тәркіленген зат – 20 келілік марихуана. Медициналық куәландыру қорытындысына сәйкес екінші күдікті ұсталған сәтінде есірткілік масаң күйде болған. Жалпы салмағы 77 келіден асатын бұл есірткілерді аталған адамдар өңірге жеткізіп, кейіннен сату мақсатында сақтаған.

– Қылмысқа қатысы бар басқа адамдарды анықтау бойынша шаралар жалғасып жатыр. Естеріңізге сала кетейік, ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамында жасалған осы қылмыс үшін ұсталғандарға 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады. Тергеу мүддесі үшін басқа ақпарат жария етілмейді, – деді Б. Әмірханов.



ЖЕҢІС ТҮЙН ТІККЕН ЖАУЫНГЕРГЕ – 100 ЖЫЛ

РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН ҚАЗАҚ



Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша ҚАЖД №711 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталғандар арасында даңқты жауынгер Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
№711 мекеме
Алматы қаласы

Іс-шараны ұйымдастырған колония ішіндегі орта мектептің ұстаздары оқушыларға Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың өмірбаяны мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі жайлы кеңінен мағлұмат берді. Жазалы балалар Р.Қошқарбаевтың балалық шағымен, жауынгерлік кезеңдерімен және соғыстан кейінгі жылдарда атқарған қызметімен толық танысты. Әсіресе, оқушыларға оның Рейхстагқа ту тіккен ерлігі туралы жазған естелік-

тері ерекше әсер етті.

Жасөспірімдер батырдың ерлік істері мен Ұлы Отан соғысы жайлы түсірілген фильмді тамашалады. Елімізді жаудан қорғау жолында қаза тапқан жауынгерлердің рухына бас иіп, бір минут үнсіздік жарияланды. Сонымен қатар мерекелік кешке белсенді түрде атсалысқан оқушыларға алғыс жарияланды.

ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫ – ЕҢБЕКТЕ

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің №37 мекемесінде жазасын өтеушілерге арналған «Шеберлік – шексіз өнер» атты іс-шара өтті.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы
бойынша ҚАЖД

Шараны мекеменің тәрбие бөлімі мен кешкі мектеп мұғалімдері, қалалық спорт бөлімінің қызметкерлері



талды. Сурет салудан ерекшеленген Т.есімді жазасын өтеуші I орынды иеленсе, II, III орындарды М. және С. есімді сотталғандар өзара бөлісті.

– Бүгінгі жарыс өте тартысты өтті. Бірінші кезең бойынша сурет салу жарысына қатыстым. Кәсіби суретші болмасам да, «Қазақ жайлауы» тақырыбымен сурет салып, жүлделі орынды жеңіп алдым. Көңіліміз көтеріліп, бір сергіп қалдық. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – деді сотталған азамат.

Ал спорттық сайыста арқан тартудан I орынды «Жойқын» командасы иеленді.



ұйымдастырды. Шара үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде жазасын өтеушілер қазақ халқының тұрмыс тіршілігі, қолөнері жайлы сурет салды. Сандарды таңдап алу арқылы түскен қолөнер бұйымдарының жасалу жолдарын, қолданылған материалдары мен маңызы туралы айтты.

Ал соңғы кезеңде спорттық жарыс ұйымдастырылып, олар қол күрес, арқан тартудан бақ сынасты.

Шара соңында жазасын өтеушілер шығармашылығы мен спорттағы ептіліктеріне қарай марапат-

– Бүгінгі шарада сотталғандар қиял әлемін қағаз бетіне түсіріп, барын салып жарысты. Үздік суретті анықтау да оңайға соқпады. Жалпы, біз мекемеде мәдени-спорттық шараларды жиі ұйымдастырамыз. Олар отбасынан жырақта болса да отбасымен байланысын үзбеу, қоғамға тез бейімделіп кетуі үшін қызметкерлермен, психолог мамандармен шаралар ұйымдастырып тұрамыз, – дейді Тәрбие бөлімінің бастығы Абдулла Уайдаев.

ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ ЕКПІНДІ

Бүгінде өркениетті даму жолына түскен елімізде қоғамның барлық саласында маңызды реформалар жүзеге асырылуда. Мұндай реформалардан Қылмыстық-атқару жүйесі де кенде емес. Қызметінің басты бағыты – аяғын шалыс басқан адамдарды түзеп, қоғам қатарына қайта қосу. Бұл ретте жазасын өтеушілерді ақылы жұмысқа оналастырып, уақыттарын тиімді өткізу мен келтірілген шығынды өтеуге көмектесу жолында атқарылып жатқан шаралардың да қатары аз емес.

Жадыра ИБРАЕВА,
БҚО бойынша ҚАЖД

Мұндай шаралар Батыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖ департаментінде де өткізілуде. Сұранысқа ие кәсіптер қолға алынып, облыс бойынша түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың көпшілігі жұмыспен қамтылып, еңбекақыларын уақтылы алып жатыр. Мекемелердегі Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлері темір торға тоғытылғандарды жұмысқа орналастыру мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді.

Жазасын өтеушілерді жұмыспен қамтуға бірден-бір мүмкіндік – қала мен облыс кәсіпкерлері үшін жыл сайын ұйымдастырылатын «Ашық

қамтуға мол мүмкіндік тұғызар еді. Таяуда осындай шара ұйымдас-



есік күні» болып табылады. Мұндай «Ашық есік күндерінде» кәсіпкерлер түзеу мекемелерінде кәсіп ашудың тиімділігі туралы толық ақпарат ала алады. Бұл өз кезегінде түзеу мекемесінен кәсіп ашқандардың көмегімен сотталғандарды жұмыспен

тырылып, оған қала және облыс әкімдігінің, «Атамекен» ҰКП, «Ақжарық» ӘКК және БҚО Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы өкілдері, сондай-ақ, бизнес өкілдері қатысты.

Қазіргі таңда облыста 1000-нан

астам адам жазасын өтеп жатыр. Оның 49 пайызы тұрақты жұмыспен қамтылған. Олардың басым көпшілігі жеке кәсіпкерлікте, «Еңбек-Жайық» РМҚ филиалында жұмыс істейді. Олар қазір халық тұтынуына қажетті түрлі бұйымдарды матадан, былғарыдан, ағаштан, пластиктен және металдан жасайды.

Қазіргі уақытта сотталғандар қолынан шығатын жаңа өнім – трансформаторлар. Бүгінде сотталғандар қолынан шыққан 50 трансформатор қала мен ауылдарға орнатылған.

Заңды бұзған сотталғандарды тәрбиелеудің бір әдісі – еңбекпен қамту. Еңбек еткеннің еңесі арқашан биік болатынын ескерсек, темір торға тоғытылғандарды түзеудің тиімді жолы ақылы жұмыспен қамту екені сөзсіз.

СПОРТ

ВОЛЕЙБОЛ АЛАҢЫНДА – КӨЛІК ПОЛИЦЕЙЛЕРІ



Алматы қаласында Көліктегі полиция қызметкерлерінің күніне орай волейболдан жарыс өтті.

Гүлнәр МАҒЗУМОВА,
Алматы қаласы

Волейбол жарысына Алматы-1 Желілік полиция басқармасының, Қонаев станциясы ЖПБ Әкімшілік полиция тобының инспекторы О.Сүлейменов, ҚКТ кіші инспектор кинологы Т.Әуелбеков, Алматы қаласы әуежайындағы ЖПБ Патрульдік полиция взводының полицейі Д.Әбдіжапаров үздік ойыншы екендіктерін дәлелдей білді.

Қызу да тартысты өткен жарыста Алматы-1 станциясы ЖПБ

Ж. Амантай, Ұ.Жанылысов, Көші-қон қызметі бөлімшесінің аға инспекторы Д.Дәуітқұлов және Қонаев станциясы ЖПБ Әкімшілік полиция тобының инспекторы О.Сүлейменов, ҚКТ кіші инспектор кинологы Т.Әуелбеков, Алматы қаласы әуежайындағы ЖПБ Патрульдік полиция взводының полицейі Д.Әбдіжапаров үздік ойыншы екендіктерін дәлелдей білді.

Қызу да тартысты өткен жарыста Алматы-1 станциясы ЖПБ

командасы бірінші орынды иеленсе, Алматы қаласы әуежайындағы ЖПБ командасы екінші орынға ие болды. Қонаев станциясы ЖПБ ойыншылары үшінші орынды қанағат тұтты.

Жеңімпаз командалар кубоктарға ие болып, үздік ойыншылар арнайы грамоталармен марапатталды.

МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ТҮТҚАН МАЙОР

Адам баласы өз қабілет-қарымына қарай мамандық таңдаса, онда білімі мен біліктілігі сай нағыз маман иесі болмақ. Мамандыққа деген адалдық өз қызметіңе деген сүйіспеншіліктен туса керек.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз саналы ғұмырын құқық қорғау қызметіне арнаған жан. Ол – Алматы облысы Полиция департаменті Балқаш аудандық Полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Азамат Әбдірахманов.

Нұрай ҚАЙЫР

МАҚСАТҚА АЙНАЛҒАН БАЛА АРМАН

Азамат Асқарұлы 1981 жылы Алматы облысының Балқаш ауданына қарасты Бақанас ауылында дүниеге келген. Ата-анасы кезінде жергілікті «Қазақтелеком» АҚ-да қызмет еткен. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған жандар. Олар отбасындағы екі ұл, бір қыздың тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақтылықтың иісі аңқып тұрған ауылдың балалары арманшыл келеді. Азамат та бала шағында сол кездері МАИ қызметінде жүрген әкесінің ағасы Бақытжанға қатты еліктеп өсті. Оның фуражасын інісімен жарыса басына киіп, иықтағы погондарын сипап көретін еді. Бала қиялына ерік беріп, арманның ақ сұңқарына мініп, қанатсыз көкте самғайтын.

Бақанастағы орта мектепті бітіріп, 2000-2004 жылдары Алматы қаласында орналасқан сол кездегі Д. Қонаев атындағы академияда «Құқық негіздері» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықты. Алғашқы қызмет жолын «Қазақтелеком» АҚ-да техник-паспортист болып бастады. Өмірдің бұралаң жолы арманшыл жасты араға үш жыл салып, телеарнаға алып келді. Сол жылдардағы «Рахат» телеарнасында бейнеинженер болып, монтаж жасаумен айналысты. Аталмыш телеарна қазір «Алатау» болып өзгерген. Кейін «Қазақстан» телеарнасына бейнеинженер болып жұмысқа қабылданады. Оның телеарнадағы қызметі 4-5 жылға созылды.

Азамат Әбдірахманов құқық қорғау саласына 2008 жылы келді. Ол алғаш Алматы қаласы Полиция департаментінде баспасөз қызметінің инспекторы болып қызмет атқарды. Ал 2012-2014 жылдар аралығында Алматы қаласының Алматы ауданында учаскелік полиция инспекторы болып қызмет етті. 2014-2019 жылдары Алматы облысының Балқаш ауданы АПБ штаб аға инспекторы болып қызмет атқарды. 2019 жылдан қазірге дейін Алматы облысы Полиция департаменті Балқаш АПБ ЖПҚБ бастығы қызметінде.

– Кәмелетке толмағандар қауіпсіздігі бойынша инспекторлар, патрульді полицейлер, бақылау қызметі,

учаскелік инспекторлар, ювеналды полиция инспекторлары, әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетуге қарсы инспекторлар, табиғатты қорғау инспекторлары – барлығының қызметін қадағалап, жүйелі жұмыс істеуін ұйымдастыру менің қызметтік міндетім болып саналады.

Балқаш ауданында 15 ауыл әкімдігі, 28 елді мекен бар. Ауылшаруашылығы жақсы дамыған. Оның ішінде егін және мал шаруашылығымен қатар, балық және аң аулауға қызығатын балықшылар мен саятшылар да көп. Біз көбіне қылмыстың алдын алу жұмыстарын жүргіземіз. Арнайы жиындар өткізіп, ескертпе-нұсқаулықтар таратамыз. Жергілікті басқару орындары мен Төтенше жағдайлар бөлімшелерімен бірігіп, тізе қосып жұмыс істейміз. Еріктілер тобының белсенділік танытатын кездері көп.

Ауылдардағы дүкендер мен кафелерде, мемлекеттік орындарда бақылау камералары, ал аудан көшелерінде және ауылдардың кіре берістерінде «Сергек» көлік жылдамдығын тексеретін бақылау камералары орнатылған. Биыл аудан бойынша бақылау камерасының санын 800-ге жеткізу жоспарланып отыр. Осы камераларға түскен бейнежазбаның арқасында заң бұзушыны қолға тез түсіру мүмкіндігі артты. Оның үстіне камерадан сескеніп, заңға қайшы әрекет жасаушылар қатары азайды. Қылмыс саны бұрынғы кезбен салыстырғанда едәуір кеміді.

Біздің өңірде Балқаш көлі мен Іле өзеніне келіп демалушылар саны жаз айларында екі есеге артады. Біз демалушылардың заң бұзбауын, қауіпсіздік ережелерін ескеруін қадағалап отырамыз. Сонымен қатар тыйым салынған кезеңде балық аулап, қоян, қырғауыл, қарақұйрық ататын браконьерлер азаяр емес. Қызыл кітапқа енген аң-құстарды атуға заң жүзінде қатаң тыйым салынған. Олардың қолындағы мылтықтың тіркелген-тіркелмегендігі де тексеріледі. Балықты белгілі бір аумақта қолдан жасалған аппараттың көмегімен тоқ соққызып аулайтындар да табылады. Мұндай заңсыздыққа барған браконьерлер заң алдында жауап береді. Балықты аулауға тыйым салынған уақытта осындай тоқ соққызу

әдісімен аулап жатқандарды бірнеше мәрте құрықтадық, – деді Азамат Асқарұлы сұхбат барысында.

ТОҒЫЗ БАЛАНЫҢ ӘКЕСІ

Қызметін құрмет тұтқан кейіпкеріміздің жұмыста жауапкершілігі зор, тәжірибелі маман, білікті басшы болса, ал отбасында асыл жар, балаларына асқар таудай әке болып отыр. Оның жұбайы Жазира теміржол саласында байланыс қызметінде жұмыс істеген. Қазір бала күтіміне байланысты демалыста. Тоғыз баланың әкесі демалысын отбасына арнайды. Демалыс орындары мен саябақтарда қыдырып, бос уақытын көңілді өткізуге тырысады. Ай мен күндей қыздарының үлкені Ақнұр жергілікті мектептің 9-сыныбында, екіншісі Гүлнұр 8-сыныпта оқиды. Ал Кәусар мен Жасмин – бастауыш сынып оқушылары. Тете өсіп келе жатқан Айруу мен Томирис тәтті қылығымен баураса, егіз қыздары Әмина мен Мәдина бір жарым жаста. Төрт айлық Даянасы ата-анасы мен әпкелерін күн нұрындай жылылыққа бөлейді. Гүлдей құлпырып өсіп келе жатқан қыздарына қарап сүйсінген әке-шешесі олардың болашағын зор үміт күтеді.

– Ақнұрдың сабақты үздік оқумен қатар, ағылшын тілін жетік меңгерген. Ал Гүлнұрдың сурет салуға шебер. Біздің қызметте фоторобот жасайтын арнайы мамандар бар. Қызым да кез келген затты не жан-жануарды, адамды сөзбен бейнелеп айтсаң, айнытпай салып беретін қабілетке ие. Үлкен екі қызым өскенде әке жолын жалғап, құқық қорғау қызметінде жұмыс істегісі келетінін айтып жүр. Мен тек әкелік ақ батамды беріп, қолдар едім, – деп ағынан жарылды Азамат әңгіме барысында.

«ҚАУІПСІЗ АУЛА»

Қай сала болмасын, мол тәжірибе қажырлы еңбек пен тынымсыз ізденістен пайда болатыны белгілі. Азаматтың азаматтық танытып, үлкен істерге бастамасы болған кезі де аз емес. Ол учаскелік полиция инспекторы болып жүргенде жасаған бастамасының нәтижелі болғанын тілге тиек етті.

АМАНАТ

дағы қыруар үлесін алғанын жасырмай айтты. Оның біразын өзінің еміне жұмсаған. Маған да көмектесіп тұрды. Израильден келген соң ауруының беті бері қарамайтынын білді. Сол кезде ана бір кішкентай қызға еріктілер ақша жинап жатыр еді ғой. Ести сала, бар ақшасын сол қызға бермек болды. «Дұрыс, мұның – азаматтық» деп қолпаштап қойдым. Ойым – ақшасының қайда екенін білу. «Банкте болса, шешіп алып қойсаңыз. Қолма-қол апарған дұрыс емес пе?» деймін өзімше ақыл айтып. «Ақша баяғыдан үйде ғой. Ертең апарамын» деді бір күні. Сосын аяқасты жоспар құрдым. Оның шайды жақсы көретінін білем. Әпкемнен қалған бір топ дәрінің ішінен ең қауіпті дегенінің бір ұсын алдым. Стрихниннің қалай әсер ететінін алдын ала оқығаным бар. Сосын білмегенсіп, түстен кейін Санжардың пәтеріне кірдім. Әшейінде жалғыз болатын. Бұл жолы есікті досы ашты. Санжардың өзі дәрігердің екпесінен кейін мызғып жатыр екен. Шегінерге жол жоқ. «Мейлі, екеуі де өлсін» дедім іштей. Үйге кіріп алған соң «Санжардың жақсы бір шайы бар еді. Соны ішіп, кішкене отыра тұрсам, қарсы болмайсыз ба?» дедім. Анау да бәлендей ренжи қойған жоқ. Оның үстіне мен сияқты «өлімін күтіп жүрген сырқаттан»



– 2012 жылдың қара күзі болатын. Мен учаскелік полиция инспекторы болып қызмет ететін ауданда пәтер ұрлығы, кіреберісте (подъезде) тұрған велосипед ұрлау фактісі көп тіркелетін. Біз тұрғындармен жиналыс өткізіп, олармен келісе отырып, сол маңдағы бес қабатты бір үйдің шатырына бақылау камерасын орнаттық. Алматы қаласының Мұратбаев көшесінде орналасқан тұрғын үй болатын. Бұл бастаманы өзімізше «Қауіпсіз аула» деп атадық. Бейнежазбаны өзіміз бақылап отыратынбыз. Бір күні сол маңдағы Валюта айырбастау пунктінде кешкі апақ-сапақта ұрлық болды. Бейнежазбаны көріп отырған кезекші хабарлап, ұрлықшыны келесі үйдің қалтарысында алдынан күтіп алдық. Осылайша бұл аулада ұрлық азайды. Кейінірек барлық аулалар мен подъездерде, көшелерде жағалай бақылау камерасы орнатыла бастағанын көріп, шын қуандым, – деді құқық қорғау қызметкері.

Азамат Әбдірахманов бастаған аудандық құқық қорғау қызметкерлері өңірдегі мектептерде жоспарлы түрде жиын өткізіп, құқықтық сауаттылық туралы айтудан жалыққан емес. Зорлық-зомбылық болған отбасылар арнайы тіркеуге алынып, оларды белгіленген уақыт бойынша тексеріп отырады. Сонымен қатар оқушы балалардың уақтылы сабаққа қатысуын аудандық әкімшілік пен Білім басқармасымен бірге отырып тексереді. Егер баланың білім алуына, дамуына отбасында көңіл бөлінбесе, ата-аналық құқығынан айыруға дейін баратын да кездер болады екен. Көбіне ішімдікке салынған ата-аналар баланы қараусыз қалдыратыны белгілі. Сонымен қатар газ баллонын пайдаланғанда, жылыту маусымында пеш жағу кезінде қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтау керектігін төтеншеліктермен бірге, үй-үйді аралап, ескертуден асте жалыққан емес.

– Сосын өзінше жеткізгенде сағат түнгі 22.00 болған екен. Бұлардың кіргенін көрген кезекші полицей Санжар Қосайұлының ауыр халде жатқанын жеткізді. Құжаттарың дереу дайындай салып, Жедел жәрдемнің келуін күткен Талшын Санжар Қосайұлына қылмыстың ұзын-ыргасын түгел айтқан. «380 мың долларыңыз әзірге айғақ ретінде бізде сақталады. Сот біткен соң өзіңізге қайтарамыз» деді тергеуші. Еті қашқан арық саусақтарымен қыздың қолын қысқан жігіт ағасы «Оның иесі бар. Шұғама өз қолыңызбен тапсырыңызшы. Аманат» деді иегі кемсендеп. Шынымен де, Санжар Қосайұлы сот үкімін тыңдауға да, аманатты тапсыруға да жетпеді...

– Содан кейін пышақты Санжардың қолына ұстаттыңыз ғой.

СОҢЫ

БОЛҒАН ОҚИҒА ІЗІМЕН

Жалғасы. Басы өткен нөмірлерде

Айнұр Сембаева

Өткендегі науқас бейнесінің ізі де қалмапты. Тақырбасы алыстан мен-мұндалап тұрғанымен, денесі мығым, отырысы жайлы. Апыр-ай, дәрігерден күдіктеніп жүргенде барлық бәле осыдан келіп жүрмесін.

Жарасқа екінші сырасын ішкізбестен сүйрелеген Талшын Виктордың көзіне түспеуге тырысты. Мына асығыстықтың себебін түсіне алмай әріптесі дәл. «Кешкі алты болмай үлгеруіміз керек» деп қояды. Жарастың сұрақтарына жүре жауап берген Талшын бөлімге жеткенше асықты. Келді де бірден онкологиялық ауруханаға қоңырау шалды. Аудандық, қалалық, тіпті, республикалық онкология бөлімдерінде Виктор Герасимов деген сырқат тіркелмеген. Сосын Виктордың еміне ақша жинап жүрген еріктілерді іздеді. Сонда бірді, еріктілер былтыр Виктордың әпкесіне ақша жинаған. Обырмен ауырған әйелге біраз қаржы жиналғанымен, науқастың қажетіне жарамапты. Бірақ Виктор әпкесінің көз жұмғанын желеу етіп, берілген ақшаны еріктілерге қайтармайды. Ол аз десең, өзін сырқатпен деп өтірік құжаттар жинап, елден жылу сұрауды бастайды.

– Яғни, Виктор обырмен ауырғандарға қандай дәрі берілетінін, оларды қолданудың нұсқаулығын біледі ғой?

– Әрине, біледі. Ол тіпті «Әпкемнен артылған дәрілерді езіп беріп, сеспей қатырам» деп біздерге сес те көрсеткен, – деді еріктілердің жетекшісі Светлана Борисова.

Жоба келіп тұр, енді тек Виктордың мойындауы ғана керек. Бірақ ол мойындай ма?

Виктордың алдауында бір мән барын түсінген қос тергеуші кезекші прокурорға шұғыл хабарласып, Викторды ұстауға және үйін тінтуге рұқсат алған.

380 мың АҚШ доллары. Кафедегі Викторды ала салып, куагерлердің қатысуымен пәтерді тінктен тергеушілердің олжасы – осы. Ваннаның астынан үлкен жолдорбаны алып шыққанда-ақ, Виктордың мастығы тарап кеткендей болды. Ақша табылған соң қылмыскердің тілі де шықты.

...Сырқатпен деп көп ақша жинауға болатынын білген соң онкологиялық аурухананың маңын жиі шарлайтын болды. Түрлімі өзгертіп, ауру адамдай аянышты көрінуіге тырысам. Біреулер кадімгідей жаны ашып, ақша беріп жатады. Санжармен де сол жерде таныстым. Басында өлтіретін ойым болған жоқ. Ал ол маған қатты сенді. Сенгені сонша, пәтерін сатқанын, компания-



КРИМИНАЛИСТІҢ ҚАТЕЛЕСУГЕ ҚҰҚЫ ЖОҚ

Бүгінде бұл бөлімде 48 криминалист жұмыс істейді. 2023 жылы облыс криминалистері Автоматтандырылған ақпараттық жүйе «Жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру» және «Папилон» автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің дактилоскопиялық есебін пайдалана отырып, 15 қылмысты ашты. Сонымен қатар криминалистикалық есептерді пайдалана отырып, 114 қылмыс бойынша қылмыскерлердің жеке басы расталып, 12 белгісіз мәйіттің кім екені анықталды.

Криминалистика қызметінің рөлі маңызды. Ол қылмыстық істер, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сараптамалық-криминалистикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Бұл қылмыстарды тергеу және ашу процесін-

де үлкен көмек болып табылады. Адамның тағдыры криминалистің сараптамасына байланысты болуы мүмкін. Криминалист алдында бір тапсырма – мың жұмбақ. Соның шешілуі де криминалистің кәсібилігіне тәуелді.

Облыс бойынша белең алып тұрған қылмыстың түрі – ұрлық. Мұның ішінде пәтер ұрлығы басым. Сондай-ақ адам өлімі, тонау және жол-көлік оқиғалары да бар.

Қылмыс жасаған адам артында із қалдырмауға тырысады. Алайда қандай әккі қылмыскер болса да бәрібір бір айғақ қалады. Криминалистердің міндеті – оқиға орнындағы әр затқа өте мұқият қарау. Бұл қызметте салғырттық деген болмайды. Оқиға орнына келген бойдан бірден барлық шаралар толық жүр-

гізіледі. Өйткені бүгін мән бермеген нәрсені ертең келіп қайта қараймын деген бұл қызметке тән емес. Айғақтар жойылып кетпей тұрғанда бірден бәрін анықтап алу қажет. Оқиға орнынан саусақ пен аяқ киім, биологиялық және одорологиялық іздер, пәтер ұрлығы болса есікті бузып ашқан құрал, сол маңайдағы бейнекамераларды қарап, фото-бейне материалдарды жинақтап қылмысқа қатысы бар күдіктіні анықтау – осы мамандық иелерінің тікелей міндеті. Сондықтан криминалист маманда ұсақ-түйек деген болмайды. Уақытында жиналған айғақтар сараптамаға жіберіліп, нәтижесінде күрделі деген қылмыстың түйіні тарқатылып жатады. Әрбір істің артында адам тағдыры тұр. Криминалистің қателесуге құқы жоқ.

Әдетте, батыл да батыр, жедел қимылдайтын қару асынған полицейлер туралы кітаптар жазылып, фильмдер көрсетіліп жатады. Ал криминалист мамандығы көбіне олардың тасасында қалып қояды. Іс жүзінде бұл мамандықсыз қылмыстарды ашу, дәлелдеу әлдеқайда қиын болады, кейде мүлдем мүмкін де емес. Бұған Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің Жедел-криминалистикалық бөлімінің жүйелі жұмысы дәлел.

Мадина ЕРФАЛИЕВА,
СҚО ПД Баспасөз қызметі



МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директор
Лаура ЖАКУПОВА

РЕДАКЦИЯ:
Шеф-редактордың м.а.:
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА

Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г қуәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Еглиц» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индексі: **65395**
Таралымы: **22965**
Тапсырыс: **№ 240**

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИЖ – KСJВK2KX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz